

Қызылжар селолық округі әкімінің "Қызылжар селолық округіне қарасты елді мекендерінің көшелеріне атау беру туралы" 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Қызылжар ауылдық округінің әкімінің 2015 жылғы 19 мамырдағы № 3 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 маусымда № 4369 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық Заңына сәйкес, Қызылжар ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылжар селолық округі әкімінің "Қызылжар селолық округіне қарасты елді мекендерінің көшелеріне атау беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-8-69 болып тіркелген, 2009 жылғы 7 қаңтарда "Мәртөк тынысы" аудандық газетінде жарияланған) 2008 жылы 22 желтоқсандағы № 1 шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің мемлекеттік тіліндегі деректемелерінде, атауында және бүкіл мәтіні бойынша "селолық", "округіне қарасты" сөздері "ауылдық", "округінің" сөздерімен ауыстырылсын;

кіріспесіндегі "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы № 45 "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасы туралы" қаулысына" сөздері алынып тасталсын;

шешімнің орыс тіліндегі атауында "названий" сөзі "наименования" сөзімен ауыстырылсын;

шешімнің 1, 2, 3 тармақтары біріктірілсін және мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қызылжар ауылдық округі елді мекендерінің көшелеріне келесі атаулар берілсін :

Андреевка ауылында – Есет Батыр, Абай Кұнанбаев, 10-жылдық Астана, Еңбек;
Студен ауылында – Абай, Бейбітшілік, Есет Батыр, Жағалау, Ыбырай Алтынсарин, Болашақ, Орталық;

Шевченко ауылында - 10-жылдық Астана, Тәуелсіздік, Мұхтар Әуезов,
Ф.Ф.Озмитель, Ардагерлер, Қобыланды батыр."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі:

А. Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК